

ISSN (Print) 2616-6895
ISSN (Online) 2663-2497

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

Евразийского национального
университета имени Л.Н. Гумилева

BULLETIN

of L.N. Gumilyov
Eurasian National University

ПЕДАГОГИКА. ПСИХОЛОГИЯ. ӘЛЕУМЕТТАНУ сериясы
PEDAGOGY. PSYCHOLOGY. SOCIOLOGY Series
Серия ПЕДАГОГИКА. ПСИХОЛОГИЯ. СОЦИОЛОГИЯ

№ 3(132)/2020

1995 жылдан бастап шығады

Founded in 1995

Издается с 1995 года

Жылына 4 рет шығады

Published 4 times a year

Выходит 4 раза в год

Нұр-Сұлтан, 2020

Nur-Sultan, 2020

Нур-Султан, 2020

Бас редакторы
Г.Ж. Менлибекова,
п.ғ.д., проф. (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары (психология)
Бас редактордың орынбасары (әлеуметтану)

А.Р. Ерментаева, пс. ғ. д., проф. (Қазақстан)
Н.О. Байғабылов, PhD (Қазақстан)

Редакция алқасы

Есенғалиева А. М.	п.ғ.к., доцент (Қазақстан)
Иванова Г.П.	п.ғ.д. (Ресей)
Исламова З.М.	п.ғ.к., доцент (Ресей)
Калдыбаева О.В.	PhD (Қазақстан)
Колева И.	докт. (Болгария)
Отар Э. С.	PhD (Қазақстан)
Сейтқазы П.Б.	п.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Сунарчина М.М.	ә.ғ.д., проф. (Ресей)
Толубекова Р.К.	п.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Тамаш П.	проф. (Венгрия)
Уразбаева Г.Т.	п.ғ.д., доцент (Қазақстан)
Хан Н.Н.	п.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Хаяти Тюфекчиоглу	ә.ғ.д., проф. (Түркия)
Шайхисламов Р.Б.	ә.ғ.д., проф. (Ресей)
Шалғынбаева Қ.Қ.	п.ғ.д., проф. (Қазақстан)

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Сәтпаев к-сі, 2, 402 б.
Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31432)

E-mail: vest_pedpsysoc@enu.kz
Жауапты хатшы: Ә. С. Жұматаева

**Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. ПЕДАГОГИКА. ПСИХОЛОГИЯ.
ӘЛЕУМЕТТАНУ сериясы**

Меншіктенуші: «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғам

Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде тіркелген. 27.03.18 ж. № 17001-Ж -тіркеу куәлігімен тіркелген.

Мерзімділігі: жылына 4 рет. Тиражы: 13 дана

Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қажымұқан к-сі, 13/1, тел.: +7(7172)709-500 (ішкі 31410)

МАЗМҰНЫ

ПЕДАГОГИКА

<i>Абдыхалыкова Ж.Е., Сагитова Ж.М.</i> ҚР жоғары оқу орындарында болашақ педагогтардың практикалық бағдарланған дайындығының мәселелері және келешегі	8
<i>Аймульдина А., Кулахметова М.</i> Ағылшын сыныптарында критериалды бағалау технологиясын қолдану	17
<i>Акишева А.К.</i> Шағын жинақталған мектеп мұғаліміне оның кәсіби құзіреттілігін дамыту мүмкіндігі ретінде психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету	25
<i>Анесова А.Ж. Жуматаева Е.</i> Студенттерді оқытуда оқу құралының тиімділігі	35
<i>Бабич И.М., Шоманова Ж.К., Муканова Р.Ж.</i> Студенттердің химияны ағылшын тілінде оқуға кәсіби ынталандырудың негізгі ерекшеліктері	43
<i>Длимбетова Г.К., Булатбаева К.Н., Абеннова С.У., Сандибекова А.К.</i> Кәсіптік білім беруді экологияландыру жағдайында оқытудың дидактикалық принциптері	55
<i>Исмаилов Д.В., Хамитова К.К., Кожазулов Е.Т.</i> Оқушылардың танымдық қабілеттерін және дербестігін дамытуға ықпал ету мақсатында «мектеп қабырасынан бастап» зерттеушілік қызмет	67
<i>Казиев К.О., Волынкин В.И., Бисенова Ш.Н., Турегалиева В.С., Қантаева Ғ.Г.</i> Болашақ педагог-психологтардың рефлексиясын дамыту диагностикасы	75
<i>Қантаева Ғ.Г.</i> Педагогикалық құндылықтар дидактикалық мәдениеттің аксиологиялық компонентінің негізі ретінде	83
<i>Мардахаев А.В.</i> Әлеуметтік педагогикадағы зерттеушілік іс-әрекеттің теориялық әдіснамалық негіздері	91
<i>Навий Л.Н., Ракишева Г.М., Анықбай А.Е. М.</i> Жұмабаев еңбектеріндегі педагогикалық идеялар	98
<i>Нурманбетова Д.Н.</i> Қазақстандағы жоғары оқу орындарының автономиясы және академиялық еркіндік: іске асыру мәселелері және даму жолдары	105
<i>Сарбасова В. Н.</i> Тұлғаның ұлттық өзіндік сана-сезімі тұлғалық-кәсіби білім ретінде	113
<i>Сарқанбаева Г.Қ.</i> Болашақ мұғалімдердің коммуникативтік біліктілігін қалыптастырудың әдіс-тәсілдері	120
<i>Сарсекеева Ж.Е., Смаилова Д.Е.</i> Бастауыш мектепте медиа-білім беру мәселелерін шешуге қажетті жағдайлар жасау үшін педагогикалық іс-әрекет жүйесі	126
<i>Смағұлов Д.С.</i> Жабық түрдегі тест тапсырмаларын әзірлеу әдістемесі	133
<i>Ташкеева Г.К., Адилжан К., Зулъбухарова Э.М., Құдыш А.А.</i> «Қалыптастыру» ұғымының педагогикадағы мағынасын анықтау	141
<i>Тусупова Г.К., Щербиков А.А., Темирбекова А.Т., Кажигалиева А.Б., Ажигалиева А.И., Тажиева А.С.</i> Екінші тіл ретіндегі қазақ және орыс тілдерінің оқулықтарындағы сәйкестендіру нұсқалары	148
<i>Хамзина Ш.Ш., Хасенова М.Т., Касенова Ж.С.</i> Кейс-технологиясын қолдану кезіндегі экологиялық құзыреттілік арқылы химиялық сауаттылықты қалыптастыру	158

ПСИХОЛОГИЯ

<i>Байжұманова Б.Ш.</i> Студент жастардың этникалық толеранттылық ерекшеліктері	164
<i>Кравцова Т.М., Раклова Е.М.</i> 5-11 жастағы балаларда кездесетін психологиялық жарақаттардың белгілері	171
<i>Мамбеталина А.С., Опабекова А.Б.</i> Аутистік спектріндегі балалармен жұмыс істейтін мамандардың субъективті бақылау деңгейінің ерекшеліктері	183

ӘЛЕУМЕТТАНУ

<i>Кендирбекова Ж.Х., Кусаинова А.Т.</i> Қазақстан Республикасында мүгедектерді оңалту тәжірибесі	189
<i>Родионова К.Н.</i> Қазақстан академиялық ортасындағы әйелдер қатыстылығы және гендерлік сегрегация	196

Студенттерді оқытуда оқу құралының тиімділігі

Аңдатпа. Бұл мақалада ағылшын тілін оқытуда оқу құралын пайдалану жолдары қарастырылды. Оқу құралы – бұл оқытушылар мен мұғалімдерге сабақ беруді жақсартуға көмектесетін сабақ материалдары. Оқу құралдарын жасауда шетел ғалымдардың еңбектері талданды. 1 курс студенттері арасында оқу құралдарын тиімді пайдалана алады ма? - деген сұрақ басшылыққа алынып, осы сұрақты дұрыс анықтау үшін, эксперимент жүргізілді. Оқытушы-профессорлар өздерінің прагматикалық іскерліктерін ұдайы ширату үдерісінде мектеппен байланысын жалғастырып, білім мазмұнын меңгеруіне, оқыту үдерісіне қосылған ғылыми үлестерін нысанаға алу жұмыстың нәтижеге бағдарлануын қамтамасыз етеді. Студенттерге өздік жұмыстарды орындауға арналған тапсырмаларды таңдау құқығы берілді, бұл оқу үдерісін дараландыруға және саралауға мүмкіндік берді. Жүргізілген сауалнама студенттердің өздік жұмыс істеуге деген көзқарасы оң жағына өзгергенін көрсетті.

Түйін сөздер: студент, оқу құралы, коммуникативті қарым-қатынас, оқу материалы, тілді меңгеру, студенттерді үйрету, кәсіби құзырет, эксперимент.

DOI : <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2020-132-3-35-42>

Түсті: 18.02.2020 / Жарияланымға рұқсат етілді: 5.06.2020

Кіріспе. Кейінгі жылдары ағылшын тілінің халықаралық кеңістікте алар орны ерекше екені байқалып жүр. Дегенмен, ағылшын тілін коммуникативті қарым-қатынаста қолдану көкейкесті мәселеге айналды. Біз С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде 2016-2017, 2018-2019 жылдар аралығында оқуға түскен студенттерге сабақ өткізу барысында төмендегідей мәселелерді анықтадық:

- Кәсіби құзіретін арттыруда студенттерге арнайы әзірленген электрондық поштамен қашықтықта өткізілетін мүмкіндіктің жеткіліксіздігі;

- Интернеттен материал алуға кеңістіктің кедергі келтіруі (ауылдан келген студенттер);

- Студенттерге арналған оқулықтардың шектеулілігі;

- Өтілетін сабақ санының аздығы;

Жоғары оқу орнына оқуға түскен 1 курс студенттерінің шындыққа жанаспайтын білім

деңгейлігінің төмендігі. Нәтижесінде, осы іріктелген көкейкесті мәселелерді шешуде біздер көрсетілген 4 түрлі күрделі нысаналардың оқу үдерісінде білім философиясының өз мәнінде орындалмай отырғанын аңғардық. Нәтижесінде жоғары оқу орнына түскен 1 курс студенттері балабақша мен мектептен меңгерген ағылшын тілінің лексикалық минимумын сабақ өтілімінде саналы тұрғыда өздігінен қолдана алмайтынына көзіміз жетті.

Жоғарыдағы студенттердің кәсіби құзіретін арттыру үдерісіндегі көкейкесті мәселені шешудің бір амалы – ағылшын тілін сөйлесім түрінде ұйымдастыруды іске асыру. Бұндай сүбелі іс-әрекетті орындау мақсатында біз оқу құралын электрондық поштамен қашықтықта өткізетін деңгейге лайықтап құрастырдық. Оқу құралын (ОҚ) [1], алдымен, модульдерге жіктеп, блоктарға бөліп, ұсақ құрам-бөліктеріндегі жаңа сөздерге, бұрынғы меңгерген бірліктерге, жаңа сөздің алдында өтілген

ұғымдарға қатысты білім мазмұнын саралау жұмыстары жүргізілді [2]. Әрбір аяқталған модульдегі қамтылған лексикалық жиынды ескеру үдерісімен студенттердің перцептивті қабылдау әдістері мен деңгейлерін диагностикадан өткізуге тапсырмалар ұсынылды.

Оқу құралының заманауи мүддесіне сәйкес орындалуына, оның бүгінгі таңға дейінгі әдіснамалық негізіне ғылыми-теориялық еңбек сіңірген шетел ғалымдарының еңбектерін талдаудан бастаймыз. Оқытушы–профессорлар өздерінің прагматикалық іскерліктерін ұдайы ширату үдерісінде мектеппен байланысын жалғастырып, білім мазмұнын меңгеруіне, оқыту үдерісіне қосылған ғылыми үлестерін нысанаға алу жұмыстың нәтижеге бағдарлануын қамтамасыз етеді. Біз кафедра оқытушы-профессорлар құрамының әрбір оқытушы-профессорларының жаңаша ағылшын тілін меңгеруіне қатысты тұжырымдарын трансформациядан өткіздік.


Негізгі бөлім. Бұл орайда, 2005 жылы мұғалімдер оқушылардың ағылшын тілін меңгеруде білім мазмұнының сапалы, конструктивті, сөзі және сөйлем хронометрінің басымы оларға бұрыннан таныс болуы, мысалы, Никарагуа ұстаздарының консолидациялық паритетті тұрғыда оқу материалдарын бірлестікте құруы, көпшіліктің дүниетаным-

дық қағидаларының бұрынғы оқу құралдарына қарағанда түбірімен модернизация кеңістігіне сәйкес, дәстүрлі оқуға қайшы келетіні туралы нәтижелерді ескердік. Диалогта мұғалімдер жоғары оқу орнында аға оқушылардың лексикалық қорының түбегейлі де, тұрақты мәнде сақталуына қатысы бар педагогикалық жолдарды таңдағанын нысанаға алдық [3]. Мұның өзі мектептен оқушылар студенттік оқу үдерісіне даярлық жасай алу мүмкіндіктерін герменевтикалық әдіспен өркендетуіне негіз екені байқалды. Нақтылап айтсақ, оқушылардың студент мәртебесіне ие боларлық перцептивті және апперсепселі қабілетін ілгерілетуіне көмек берер жолдары төмендегідей сұрыпталды [4]:

- ОҚ-лы ұстаздарға қандай модульмен блоктарға жіктеліп берілуінің қағидаларын таңдауы;

- ОҚ-лын тиімді сапада оқушының мотивациясын оятатын деңгейде білім мазмұнын құрудың технологияларын саралауы;


- ОҚ-да бұрынғы берілген тапсырмалар белгілі бір мағынада, мәнде берілмей, үзік-үзік дискретті тұрғыда құрылып, оқушыға мүлдем қызық емес оқу материалының орнына сабақтастық қағидаға сүйенетін белгілі бір прагматикалық іскерлікті ширатуға септігі бар мәтіндерді құрастыруы.



Сурет 1. 1 курс студенттерінің оқу құралдарынан алған материалды меңгеру деңгейінің динамикасы.

Зерттеу нәтижелері және талдау. Ұстаздар жоғары сыныптарда (10-11 сыныптарда) жоғары оқу орнының бағдарламасына жуық келер, (Выготскийдің жақын аймағын меңгере отырып құрастыру) [5] білім мазмұнын тұтастық заңдылыққа негіздеп, білім саясатының отандық мәртебеге лайықтап құратын идеяларды алдын-ала проектилеуі. Егер білім мазмұнын осындай оқушылардың ағылшын тілін меңгерулеріне қызықтыру тұрғысында ұсынуды гипермақсат деп есептесек, қала ұстаздардың «Педагог мәртебесі» атағына ие болуы анық. Бұл жағдайда, біздер оқу іс-әрекетінің оқу мазмұнына тәуелді екенін ұдайы

Деректерді жалпы салыстырмалы талдау мақсатты, ақпараттық - мазмұндық, ұйымдастырушылық іс-әрекеттік және бақылау – бағалау компоненттеріне іске асырылған ұйымдасқан, жүйелі мақсатты ықпал етудің зерделенуі дайындығының қалыптасуына айтарлықтай айқын әсер ету туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Қүзіреттілік, тұлғалық – іс-әрекеттік, жүйелілік және гуманистік тәсілдерді жүзеге асыру, анықталған заңдылықтар мен ұстанымдарды есепке алу, студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру үдерісінің кезең-кезеңімен жүзеге асыру, олардың теориялық, практикалық және пси-



Сурет 2. 1-курс студенттерінің өздік жұмысты орындау және аудиторядан тыс жұмысты орындау деңгейінің динамикасы.

іске асыру үдерісіне мән береміз. Ұстаздар Никарагуа ұстаздарымен паритетті қауымдық жұмыстары, Реммиллард [3], Дэвис [6] және т.б. шетел стиліне шақталған ОҚ-н даярлау шеберлігін сол қалпында қолданып, білім саясатының тактикалық қырын аяқасты қылып, стратегиялық тұсын үнемі басымдықта алып, жалаң стихиялы қадаммен Ж. Аймауытовша «соқыр сезімге» ерік беріп, құр еліктеуші рөлін атқарсақ, бұндай оқыту ешбір нәтиже бермейді [4].

Осындай уәж айтуымызды дәйектілеуде төмендегі өткізілген эксперименттік жұмыстарымыз айғақты дәлел.

хологиялық дайындығы барысында оңтайлы формаларды, әдістер мен құралдардың таңдау біздің құрастырылған және іске асырған оқу құралдың аясында іздену дайындығын қалыптастыру үшін өте тиімді. Біз ұсынған оқу құралды жүзеге асыру студенттердің коммуникативтік қарым-қатынасын арттыру үдерісінде өздік жұмысты ұйымдастыру деңгейін арттыруға мүмкіндік береді, бұл туралы эксперимент мәліметтері дәлелдейді.

Осылайша, студенттердің өздік жұмысын ұйымдастыруда ақпараттық – қарым-қатынастық технологияларды пайдалану бойынша жүргізілген зерттеу студенттердің мүдделерін

ескеріп, олардың өздік жұмыс істеуге деген қарым-қатынасына сүйене отырып, біз өздік жұмыс жасаудың әртүрлі түрлері мен формаларын қолдандық. Студенттерге өздік жұмыстарды орындауға арналған тапсырмаларды таңдау құқығы берілді, бұл оқу үдерісін дараландыруға және саралауға мүмкіндік берді. Жүргізілген сауалнама студенттердің өздік жұмыс істеуге деген көзқарасы оң жағына өзгергенін көрсетті. Өздік жұмыс орындауға арналған тапсырмаларды орындау, диплом алдындағы тәжірибеден өту кезінде студенттер кәсіби құзыреттіліктерді игерген [8].

ды топ студенттерінде қалыптасуының анағұрлым айқын деңгейін көріп отырамыз, бұл студенттердің коммуникативтік қарым-қатынасын арттыру үдерісінде өздік жұмысты ұйымдастырудың біз әзірлеген оқу құралының тиімділігін көрсетеді.

2 - кестеде келтірілген нәтижелер ЭТ студенттерінің басым бөлігінде (43,5) – 3 сағатқа дейін күн сайын білім беру сайттарымен жұмыс аппаратының, БТ студенттерінде – 2 және 3 сағатқа дейін уақытпен 36,4 – дан тең үлеспен білім беру сайттарында жұмыс атқаратындығын көрсетеді. Алынған нәтижелерді

Кесте 1

Теориялық модельді енгізгеннен кейін және дейін Т.И.Ильинаның әдістемесі бойынша эксперименттік және бақылау топтарының нәтижелеріне салыстырмалы талдау [7]

Шкалалар	Эксперименталды топ		Бақылаушы топ	
	ҚЭ дейін	ҚЭ кейін	ҚЭ дейін	ҚЭ кейін
«Коммуникативтік деңгей»	6,75	9,57	6,6	8,17
«Сұхбатқа түсу»	5,52	7,61	5,7	6,64
«Диплом алу»	6,99	7,28	6,56	7,09
1 коэффициенті	0,811	0,922	0,789	0,856

Кесте 2

Студенттердің коммуникативтік қарым-қатынасын арттыру үдерісінде өздік жұмысты ұйымдастыруды қалыптастыру деңгейінің бақылау срездердің нәтижелерін салыстырмалы талдау

Деңгей	Төменгі деңгей		Орташа деңгей		Жоғарғы деңгей	
	ҚЭ дейін	ҚЭ кейін	ҚЭ дейін	ҚЭ кейін	ҚЭ дейін	ҚЭ кейін
Топ						
Эксперименталды топ	28,1	10,2	54	51,3	17,9	38,5
Бақылаушы топ	31	20,5	50,3	54,8	18,7	24,7

Бақылау кезеңіндегі диагностика нәтижелерін эксперименталды топтардың студенттерінде коммуникативтік қарым-қатынастың ілгерілеу үдерісінде өздік жұмысты ұйымдастыруды құрайтын құзыреттіліктердің жеткілікті дамығандығын, айқындығын куәландырады.

Барлық құзыреттіліктердің қалыптасуының орташа арифметикалық деңгейін анықтай отырып, 1 – кестеде ұсынылған студенттердің коммуникативтік деңгейін үдерісіне өздік жұмысты ұйымдастырудың қалыптасу деңгейін анықтадық.

2 - суретте көрсетілген өзгерістердің динамикасын талдай отырып, біз экспериментал-

салыстыра отырып, студенттердің басым бөлігінің арасында интернет желісінде білім беру сайттарын пайдалануға 3 сағаттан артық емес уақыт бөлінетін көріп отырмыз.

Бұл кесте (кесте 2) бізге оқу құралын енгізу шкалалар бойынша көрсеткіштерді статистикалық сенімділік деңгейде өзгергенін көрсетеді. Бұл біздің жұмысымыздың СӨЖ-ді ұйымдастыру туралы білімге әсер еткенін білдіреді.

Студенттердің аудиториядан тыс өздік жұмысын күніне орындауға жұмсалатын уақыт санының нәтижелері 2– кестеде келтірілген.

Алынған мәліметтер ЭТ (67,4%) және БТ (64,7%) студенттерінің аудиториядан тыс өздік

жұмысқа 2-3 сағат бөлінетінін көрсетеді, бұл студенттің күніне түсетін жүктемесіне толық сәйкес келеді.

Одан әрі топ студенттеріне аудиториялық және аудиториядан тыс өздік жұмыстарды орындау көлемі бойынша өзара қатынас орнату ұсынылды (20 сурет)

2-суретте көрсетілгендей, ЭТ және БТ студенттерінің көпшілігі оларға аудиториядан тыс өздік жұмысты (42,9 және 52,3) ұсынады.

Зерттеу барысында бізді келесі сұрақтар қызықтырды: студенттер өздік жұмыс істеу кезінде білім беру сайттарын қолдана ма? бұл іс-әрекетке студенттер қанша уақыт бөледі?

- Оқу құралдарында студенттердің меңгеруге тиісті кәсіби құзыретін ілгерілететін нақты нысаналарды қосу, оның оларға инвестиция ретінде пайда келтіруін қадағалау;

- Студенттердің «ұстаз» рөлінде сабақ өткізулеріне мүмкіндік бере отырып, оқу құралдарындағы керегі жоқ, пайдасыз нысаналарды алып тастау және оның орнына білімалушылардың ұсыныстарын саралап, оқу құралдарына енгізу [9];

- Сабақ өткізу барысында вербальді әдістің технология торшасына айналуына кедергі келтіру, оның орнына студенттердің қажетсіну уәжіне түрткі жасар өнімді, вербальді

Кесте 3

Экспериментін бақылау кезеңінде білім беру сайттарын пайдалануға студенттер интернет желісінде өткізетін уақыт саны есептелді

Интернет желісінде білім беру сайттарында қанша уақыт өткізесіз?	Сұралған студенттердің үлесі %	
	ЭТ	БТ
1 сағаттан кем	17,4	10
1-2 сағат	31,7	36,4
2-3 сағат	43,5	36,4
3-4 сағат	7,4	7,2
4 сағаттан астам	0	0
пайдаланбаймын	0	0

Кесте 4

Студенттердің эксперименттік бақылау кезінде аудиториядан тыс өздік жұмысты орындауға кететін саны

Аудиториядан тыс өздік жұмысты орындау уақыты	Топтардың үлесі %	
	ЭТ	БТ
1-2 сағат	26,1	30,7
2-3 сағат	67,4	64,7
3-4 сағат	6,5	9
4 сағаттан астам	0	0

деген сауалдар ұсынылғаны олардың өздік жұмысын уақыт межесіне сай орындауына көмегін тигізеді.

Қорыта келгенде, аталған жұмысты орындау барысында біз төмендегідей түзілімді ұсынамыз. Оқу құралдарын құрастыруға қатысты ұсыныстарын отандық мәртебе деңгейін ескере отырып, келесілерді қосымша іс-әрекет тұрғысында қарастырдық:

- Оқу құралдарының мәтінін студенттердің перцептивті қабілетіне сәйкес диаграмма, матрица арқылы көрсету;

емес әдістердің ақпаратты технологияға, модульдік технологияға, проблемалық технологияға, программалық-интерактивтік технологияға және т.б. қызмет етер, нәтиже берер әдістерді таңдау.

Қорытынды. Оқу құралын әзірлеуде Дэвис үдерісінің (2014) де көмегін теріске шығармаймыз [10]. Деңгейліктерді диагностикаға түсіріп алғаннан кейін біздер ағылшын тілін сөйлесім деңгейлеріне айналдырғанда, студенттер диалогқа саналы тұрғыда түсе алмайтынын көрсетті. Деңгейлерді ілгерілету

траекториясына бағдарлауда біз «қадам» иерархиясын қолдануды жөн көрдік.

Бірінші қадамда студенттер оқу құралындағы қабылдау әдістеріне қиын тиетін оқу материалының олқылығын анықтау үшін рефлексия жүргізілді.

Екінші қадамда ұсынылған материалды қолдана отырып, қасындағы студенттермен бақылауға және сұхбатқа тартылады.

Үшінші қадамда студенттердің сөйлесімдегі алға ілгерілеу мәнін нәтижемен салыстыру.

Студенттердің кәсіби құзыретін арттыруға интернеттен материалдарды кеңістіктің кедергі келтірмейтін көздерінен алу, оқулықтағы шектеулікті болдырмау амалдарын іс-әрекетте қолданудың бес қадамын тиімді іске асыру:

1-қадам. Кемшіліктерді (ОҚ) жою үшін қазіргі заманауи оқыту мазмұнын білім мазмұнынан саралап, ондағы олқылықты жою амалдарын табу. Оқу материалын құруда ағылшын тілін шет тілі ретінде оқыту үшін қарастыру. Бұндай жұмысты жүргізу барысында оқытушы өзіне рефлексия жасайды: Бұл таңдалған білім мазмұны қалай болады?

- Бұл материалдар ағылшын тіліне не береді? Оқытушы-профессорларға көмектесетін материалдар мазмұнда не жетіспейді?

Оқу құралының материалдарын іс-әрекетте қолдана отырып, нені оқытқаныңызды көз алдыңызға елестетіп көріңіз. Оқу құралдарының материалдарын үйренсеңіз, нұсқаулықтарды орындауға бейімдесеңіз немесе басқаша әрекет етсеңіз қандай жағдай болар еді немесе қалай өзгертуге болатыны жайлы қандай идея бар? Бірінші кезеңде оқу құралдарына не қосуға болатыны жайлы бастапқы мәліметтерді әріптестердің қатысуымен оқытушы-профессорлар өздерінің идеяларын оқу құралына енгізеді. Студенттерді 4 топқа бөліп, қажетті ақпараттардың бір бөлігін алады. Студенттердің жартысы сараптама жасайтындар, ал қалғандары диалог пен полилогқа түседі. Әрбір қатысушы ондағы бірліктерді түсініп, сарапшылар өз өкілдерін таңдайды. Одан кейін студенттер тапсырманы орындау барысында басқа топтармен ауысады.

Келесі бір нұсқада матрица мен графикаға түсірілген нысаналарды сөйлем құрауға пай-

даланады. Ондағы көзге түсер ерекшеліктерді айқындап, өзінің рефлексиясын құрастырады. Егер студенттердің бұл іс-әрекетте сөйлесуге лексикалық қоры жеткілікті болса, онда оны бір күрлендіре түсуі көзделеді.

2-қадамда педагог-тренингтің іс-әрекеті бақылауда болады. Сабақ барысында жаңа ұғымдарды анықтау үшін 1-қадамдағы қазіргі оқу құралдарындағы қажетті мәтінді таба алу мәселесі шешіледі. Бақылау хаттамасын құрудың басты шартынсыз зерттейтін нысандардың тізімі –өзіңіздің сұрағыңызға жауап:

- Тіл меңгерудің басымдығы неде? Жаңа сөздерді жадында сақтауы үшін қандай тірек көздерін қолданамыз?

- Тіл меңгеруде әр студенттің қиналатын тұстары қандай? Оны қалай шеуге болады?

- Кәсіптік бейімділікті қамтамасыз ету үшін оқу құралдардың мүмкіндігі қай деңгейде?

- Егер оқу құралдарында кездесетін кемшіліктер дер кезінде түзетілмесе, келесі сабақтарды тиімді өткізе аламыз ба?

Студенттердің грамматикалық категорияларды сөйлесім нысанынан туындауы екендігін ескеру де бұл жұмыстың ұтымды тұсы [11]. Сол себепті студенттердің тіл меңгеру үдерісінде өзара әрекеттесу үдерісін тиімді ұйымдастыру нәтижеге бағдарлайтыны да тәжірибе барысында белгілі болды. Студенттердің өзара диалогқа түсуі арқылы біз қыркүйектегі лексикалық қоры өте төмен деңгейлері эксперименттің қалыптастыру кезеңінде едәуір деңгейде ілгерілегенін төмендегі кестелерден байқаймыз.

Ал оқу үдерісінің 3-қадамында біз эксперименттің бақылаушы кезеңін өткіздік. Жұмыстың бұл түрінде студенттерге ұсынылған үш тілдегі нұсқасының түсінулерін анықтау мақсатында қазақ тілін немесе орыс тілін таңдауының маңызы да бағамдалады. Үш түрлі нұсқада алынуы ол жанама жұмыстың түріне жатады. Ағылшын тілін жетік меңгеруде тыңдалымның рөлі зор. Сондықтан біздің ұсынатын үш тілдегі нұсқа жабық күйінде қызмет етеді. Бұл нұсқа аударма үшін емес, әрбір жұмыс кезеңдерінің модульдік межелерінің тұйықталған кезінде компьютермен өз-өздерін тексеруге ұсынады. Сөйтіп, бақылау кезеңінде 4 топ өздерінің сөйлесім, монолог,

диалог және полилог жұмыстарын өткізудегі жіберген кемшіліктерін түзетулеріне қызмет етеді. Ал ағылшын тілін үйренуде аударма өткізілсе, еш уақытта тілді ұмытпайтын прагматикалық іс-әрекетте қолдана алмайтыны 11-сыныпқа дейін еркін саналы тұрғыда ком-

муникативтік және кәсіби құзыретке қатысты сөйлесуі және өздігінен тілдік қорын арттыруға интериоризациясының жоқтығы екенін эксперимент арқылы байқадық. Сондықтан бір мәтінді бірнеше үдерістік жұмыс арқылы сөйлесімге пайдалану нәтижеге бағдарлайды.

Әдебиеттер тізімі

1. Большой иллюстрированный словарь иностранных слов. -М., 2002. – 724 с.
2. Полат Е.С. Учебное пособие для студ. пед. вузов и системы повыш. квалиф. пед. кадров / Е. С. Полат, М. Ю. Бухаркина, М. В. Моисеева, А. Е. Петров; Под ред. Е. С. Полат. - М.: Издательский центр «Академия», 2002. - 272 с.
3. Remillard, J. T. Examining key concepts in research on teachers use of mathematics curricula. *Review of Educational Research* 2005. 75 (2): 211-246.
4. Аймауытов Ж. Психология. – Алматы: Рауан, - 1995. – 312 б.
5. Выготский Л. С. Собрание сочинений: В 6-ти томах. Том 1. Вопросы теории и истории психологии/ Под ред. А. Р. Лурия, М. Г. Ярошевского. – М.: Педагогика, 1982. – 488 с.
6. Davis, E. A., and J. S. Krajcik. Designing educative curriculum materials to promote teacher learning. *Educational Researcher* 2005. 34 (3): p. 3-14.
7. Ильина, Т. А. Педагогика/ Ильина, Т. А. - М.: Просвещение, 1984 – 496 с.
8. Anessova A. Zh. «Professional-oriented foreign language (English language)» study guide for the students of pedagogical specialities. Pavlodar: Kereku, 2019. – 122 p.
9. Nikolaenko E. B. *Business English: textbook*. Tomsk Polytechnic University Publishing House, 2008, 145 p.
10. Davis, E. A., A. S. Palincsar, A. M. Arias, A. S. Bismack, L. M. Marulis, and S. K. Iwashyna. Designing educative curriculum materials: A theoretically and empirically driven process. *Harvard Educational Review* 2014, 84 (1): 24-52.
11. Kudaraova N. The role of character in the development of leadership skills of students. / Kudaraova N., Tulekova G., Aubakirova S., Anesova A. *Journal «Opsion»*. - 2019. № 88. - 622-643 p.

References

1. Bol'shoj illjustrirovannyj slovar' inostrannyh slov [A large illustrated dictionary of foreign words] (Moscow, 2002, 724 p.).
2. Polat E.S., Bukharkina, M. Iu. Moiseeva, M. V., Petrov A. E. *Uchebnoe posobie dlia stud. ped. vuzov i sistemy povysh. kvalif. ped. kadrov* [Study guide for students. ped. universities and systems of raising. qualif. ped. personnel]. Ed. Polat. E.S. (Moscow, Akademiia, 2002, 272 p.).
3. Remillard J. T. Examining key concepts in research on teachers use of mathematics curricula. *Review of Educational Research*, 75 (2), 211-246 (2005).
4. Aimauytov Zh. *Psikhologiya* [Psychology] (Rauan, Almaty, 1995, 312 p.).
5. Vygotskii L. S. *Sobranie sochinenii* [Collected works]. In 6 volumes. Volume 1, *Voprosy teorii i istorii psikhologii* [Questions of theory and history of psychology]. Ed. A.R. Luria, M.G. Yaroshevsky (Pedagogika, Moscow, 1982, 488 p.).
6. Davis E. A. and Krajcik J. S. Designing educative curriculum materials to promote teacher learning. *Educational Researcher*, 2005. p. 3-14.
7. Ilina T. A. *Pedagogika* [Pedagogy] (Prosveshchenie, Moscow, 1984, 496 p.).
8. Anessova A. Zh. «Professional-oriented foreign language (English language)» study guide for the students of pedagogical specialities (Kereku, Pavlodar, 2019, 122 p.).
9. Nikolaenko E. B. *Business English: textbook* (Tomsk Polytechnic University Publishing House, 2008, 145 p.).
10. Davis E. A., Palincsar A. S., Arias A. M., Bismack A. S., Marulis L. M. and Iwashyna S. K. Designing educative curriculum materials: A theoretically and empirically driven process. *Harvard Educational Review*, 84 (1), 2014, 24-52 p.
11. Kudaraova N., Tulekova G., Aubakirova, S., & Anesova, A. The role of character in the development of leadership skills of students. *Opsion*. No. 88. 2019, 622-643 p.

А.Ж. Анесова, Е. Жуматаева

Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, Павлодар, Казакстан

Эффективность применения учебного пособия при обучении студентов

Аннотация. В данной статье рассматривается вопрос использования учебного пособия на уроках английского языка. Учебник является учебным материалом, который помогает учителям и преподавателям улучшить свое обучение. Была проанализирована работа зарубежных ученых по разработке учебников. Среди первокурсников был проведен опрос «Можно ли эффективно использовать учебники для того чтобы правильно определить ответ на вопрос?». Преподаватели и сотрудники продолжают поддерживать связь со школой в процессе постоянного расширения своих практических навыков и с целью научного вклада в учебный процесс. Студентам была предоставлена возможность выбирать задания для самостоятельной работы, что позволило им персонализировать и дифференцировать учебный процесс. Опрос показал, что отношение студентов к самостоятельной работе изменилось в лучшую сторону.

Ключевые слова: студент, учебное пособие, коммуникативное общение, учебный материал, владение языком, обучение студентов, профессиональная компетентность, эксперимент.

A. Zh. Anessova, E. Zhumataeva

S. Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar, Kazakhstan

The effectiveness of the using of study guides in students learning

Abstract. This article considers the using of the workbook in English classes. The textbook is a learning material that helps teachers and they improve their learning. The work of foreign scientists on the development of textbooks was analyzed. A survey was conducted among freshmen in order to correctly determine the answer to the question of whether textbooks can be effectively used? Teachers and staff continue to keep in touch with the school in the process of constantly expanding their pragmatic skills and on the importance of scientific contribution to the educational process, which will lead to a focus on work. Students were given the opportunity to choose assignments for independent work, which allowed them to personalize and differentiate the educational process. The survey showed that students attitude to independent work has changed for the better.

Keywords: student, study guide, communicative communication, educational material, language skills, education of students, professional competence, experiment.

Авторлар туралы мәлімет:

Анесова А.Ж. – PhD, Шетел тілдері кафедрасының қауымдастырылған профессоры (доцент), С. Торайгыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар, Қазақстан.

Жуматаева Е. – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, С. Торайгыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар, Қазақстан.

Anessova A. Zh. – PhD, Associate Professor of the Department of foreign languages, S. Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar, Kazakhstan.

Zhumataeva E. – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, S. Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar, Kazakhstan.

Редактор: **Г.Ж. Менлибекова**

Журнал менеджері: **Ә.С. Жұматаева**

Компьютерде беттеген: **Д.А. Елешева**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы.
Педагогика. Психология. Әлеуметтану сериясы.
-2020. - 3(132). - Нұр-Сұлтан: ЕҰУ 210 б. Шартты б.т. -13,1
Таралымы - 13 дана

Мазмұнына типография жауап бермейді.
Редакция мекен-жайы: 010008, Нұр-Сұлтан қ.,
Қ.Сәтбаев көшесі, 2.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Тел.: (87172) 709-500 (ішкі 31432)

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің баспасында басылды